



«Айгөлек» жеке балабақшасы

**2023-2024 оқу жылына арналған «Музыка» ұйымдастырылған іс-
әрекеттің перспективалық жоспары
«Ай» кіші топ**

2023-2024 оқу жылына арналған «Музыка» ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: «Айгөлек» жеке балабақшасы

Топ: «Ай» кіші топ

Балалардың жасы: 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: Қыркүйек-мамыр 2023-2024 ж.ж.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеті
Қыркүйек	Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы.
	<p>Музыка тыңдау: Музыканы тыңдауға қызығушылықтары қалыптасып, әнді тыңдап, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата біледі. Ән айту: Ән айтуға қызығушылығы оянады, педагогтің дауыс ырғағына еліктейді, әннің сөздері мен жеке буындарды айтады. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдылары қалыптасады. Күтілетін нәтиже: Бұрын естіген әндерді таниды, ересектердің көрсеткен қайталайды.</p>
Қазан	Тәуелсіздік және отаншылдық айы.
	<p>Музыка тыңдау: Әннің мағынасын түсінеді, қоңыраудың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажырата біледі. Ән айту: Әнді жеке және топпен айтады, әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу дағдысы қалыптасады. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Қарапайым би қимылдарын орындайды, жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу. Күтілетін нәтиже: Музыкалық аспаптарды ажыратады.</p>
Қараша	Әділдік және жауапкершілік айы.

	<p>Музыка тыңдау: Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптасады, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдайды.</p> <p>Ән айту: Ән айтуға деген қызығушылықтарын оянады, жекелеген сөздер мен буындарды айтады.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдылары қалыптасады.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдайды; Жекелеген сөздер мен буындарды қосып айтады. Музыкалық-ырғақтық қимылдарды орындайды.</p>
Желтоқсан	<p>Бірлік және ынтымақ айы.</p>
	<p>Музыка тыңдау: Музыканы тыңдайды, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата біледі. Әннің мағынасын түсінеді, әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдайды, бұл әуендерді тани біледі.</p> <p>Ән айту: Педагогтің дауыс ырғағына, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктейді, және ересектермен қосылып әнді бірге айтады.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Қимылдарды музыкалық аспаптармен (бубен, сылдырмақ) орындау дағдысы дамиды.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Дыбысталу ерекшеліктерін ажырата біледі Педагогтің көрсеткен қимылдарын қайталайды (шапалақтайды, аяқтарын тарсылдатады,</p>
Қаңтар	<p>Заң және тәртіп айы.</p>
	<p>Музыка тыңдау: Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызығады. Кейіпкерді иллюстрациялар арқылы біледі.</p> <p>Ән айту: Әнді жеке және топпен айтады. Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту, жекелеген сөздер мен буындарды айтады. Педагогтің дауыс ырғағына, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, қосылып ән айтуға үйрету.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу; денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Әндегі сөз тіркестерін айтады (педагогпен бірге); Жүрелеп отырады, аяқтарын қозғайды, айналады.</p>
Ақпан	<p>Жасампаздық және жаңашылдық айы</p>

	<p>Музыка тыңдау: Кейіпкерлерді әңгімелер бойынша таниды және музыканы есте сақтайды.</p> <p>Ән айту: Педагогтің дауыс интонациясымен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін айтуға ынталанады.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету (қанатын жайып ұшқан құстар), ойындар мен әндерді сахналау.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсетеді (қоян секіреді, құс ұшады);</p>
Наурыз	<p>Тәуелсіздік және отаншылдық айы</p>
	<p>Музыка тыңдау: Қазақ халқының ұлттық аспаптарының (асатаяк, сырнай) дыбыстарымен танысады.</p> <p>Ән айту: Музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталанады.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Қимылдарды музыкалық аспаптармен (бубенмен, сылдырмақпен, маракаспен) орындау дағдысы дамиды.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталанады.</p>
Сәуір	<p>Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы.</p>
	<p>Музыка тыңдау: Қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажырата біледі</p> <p>Ән айту: Ересекпен қосылып ән айтады.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсетеді.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Фортепианоның дыбысталуын ажыратады. Қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын ажыратады.</p>
Мамыр	<p>Бірлік және ынтымақ айы</p>
	<p>Музыка тыңдау: Балаларды кейбір музыкалық аспаптардың (барабан, бубен, сылдырмақ) дыбысталуымен танысады.</p> <p>Ән айту: Әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізеді.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере біледі.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Аспаптардың дыбысталуымен танысады. Әнді интонациямен орындайды.</p>